

БАЛҚАШ КУЛТУРСЫНЫН ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
 2018 ж. 12 06
 ЗАҢДЫ ГҮЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК
 КАЙТА ТІРКЕУ ЖУРГІЗЛЕДІ
 БСН 990100001935
 АЛҒАНЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 1972 · 16 · 01

ҚАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
 2008 ж. 12 06
 ЗАҢДЫ ТҮЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК
 КАЙТА ТІРКЕУ ЖУРГІЗЛДІ
 № 302 100-25
 АЛҒАНЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 2018 · 12 · 01

ҚАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫ
 ӘДІЛЕТ БӨЛІМІ
 2008 ж. 12 06
 ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
 ТОЛЫҚТЫРУЛАР
 ЕҢГІЗІЛДІ
 Бүйрүк № 23/63-25

«Қарағанды облысының
 экономика және бюджеттік
 жоспарлау басқармасы» ММ
 05 2018 ж.



бұйрығымен
БЕКІТЕЛДІ

Қарағанды облысы білім басқармасының
 «Әлихан Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық
 колледжі»
 коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының
ЖАРҒЫСЫ

Балқаш қаласы

1. Жалпы ережелер

1. Қарағанды облысы білім басқармасының «Әлихан Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорын Қарағанды облысының әкімдігінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы «Мемлекеттік білім беру үйымдарын қайта құру туралы» №66/06 қаулысына сәйкес құрылды.
3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қарағанды облысының Әкімдігі болып табылады.
4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығының субъектілік құқығын «Қарағанды облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.
5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.
6. Кәсіпорынның толық атаяу: Қарағанды облысы білім басқармасының «Әлихан Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны.
7. Кәсіпорынның орналасқан жері: пошталық индекс-100300, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Қараменде би көшесі, 17.

2. Мемлекеттік кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.
9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтанਬасы бейнеленген және Кәсіпорынның атаяу бар бланкілері, мөрі болады.
10. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын жергілікті атқарушы органның келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (катысушысы) бола алады.
- Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.
11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні білім беру саласында қызметін жүзеге асыру болып табылады.
13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты тұрғындарға білім және басқа ақылды қызмет көрсету болып табылады.
14. Кәсіпорын койылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:
 - 1) Білім беру қызметі:
 - білім беру саласында лицензияға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес білім саласында әртүрлі үлгідегі қызмет көрсету: техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беретін бағдармалар бойынша;

- 2) Нормативтік талаптарға сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жараптандыру және жабдықтау;
- 3) Қоғамдық тамактану және медициналық қызмет көрсетеу, білім алушылар мен қызметкерлердің денсаулығын нығайту және сактау мақсатында бақылау жұмыстарын жандандыру;
- 4) Жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту;
- 5) Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер мен материалдық қамсыздандыру түрлерінін уақтылы берілуін қамтамасыз ету;
- 6) Педагогикалық ұйымдар мен бірлестіктердің қызметіне қолғабыс көрсетеу;
- 7) Келісім шарт жағдайына сәйкес Кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметтің жүзеге асыру.
- 8) Білікті мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру;
- 9) Кәсіпорын білім алушылардың кәсіптік практиканың өтуді жүзеге асыру. Кәсіптік практикага кететін шығындар Кәсіпорынмен және практика базасы болып табылатын ұйымдармен көзделеді. Бұл шығындардың көлемі өзара жасалған келісім шарттармен айқындалады.
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыбым салынбаған басқа қызметтерді жүзеге асыру.
15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметтінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.
16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайши не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі «Қарағанды облысының білім баскармасы» мемлекеттік мекеменің не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.
17. Кәсіпорын басшысының заңды тұлғаның жарғыдан тыыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-кимылдары енбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.
- ### 3.1 Білім беру ұйымына қабылдау тәртібі
18. Білім алушыларды қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органды бекіткен техникалық және кәсіптік білім беру оку ұйымдарына қабылдаудың Үлгілік ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
19. Кәсіпорын білім беру қызметтің жүзеге асыру құқығы туралы лицензияға сәйкес білім алушылардың құрылымын және көлемін өз еркімен белгілейді.
20. Сәйкес бюджет қаражаты есебінен окуға білім алушыларды қабылдау құрылымы мен көлемін Кәсіпорын мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша анықтайады.
21. Кәсіпорын өзінің жарғысына сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру стандарттарының шенберінде ақылы білім беру қызметтерді ұсына алады.
22. Кәсіпорындағы ақылы білім беру қызметі білім алушылар және ата-анасымен, өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынасы білім беру деңгейі, оку мерзімі, окуға төленетін ақы мөлшері көрсетілген келісім шарт арқылы жүзеге асырылады.
23. Кәсіпорын қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілгендей азаматтардың білім алу құқығын, қабылдау комиссия жұмысының ашық және жариялық түрде жүргізілуін, үміткерлердің талаптарын және білімдерін әділ бағалануын қамтамасыз етеді.

3.2 Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі

24. Жеке адамның сұраныстары мен мүмкіндіктерін, білім алудың қолжетімділігіне жағдайлар жасауды есепке ала отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына қарай оқыту казак, орыс және ағылшын тілдерінде күндізгі, кешкі, сырттай нысандарда жүзеге асырылады (кешкі және сырттай нысанда білім алуға рұқсат етілмейтін жекелеген қасіптер мен мамандықтардан басқа).

25. Кәсіпорын оқытудың жаңа нысандарын, әдіstemелерін және технологияларын таңдау мен пайдалану тәртібінде дербес.

26. Техникалық және қасіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар азаматтарға қысқартылған бағдарлама бойынша оқыту үшін қабылдау емтихандарын тапсыру нысанын Кәсіпорын белгілейді.

27. Кәсіпорын білім алушылардың катарына студенттер және тыңдаушылар жатады.

28. Оқу-тәrbие жұмысы мемлекеттік жалпыға міndettі техникалық және орта қасіптік білім беретін стандарттарға негізделген оқу жоспары мен бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

29. Мамандарды даярлау жұмыстық бағдарламаның дайындалу барысында Кәсіпорынның мынадай құқықтары бар:

- циклдер (модульдер) үшін оқу материалын менгеруге бөлінетін оқу уақытының көлемін 50 %-ға дейін және міndettі оқытуға жалпы сағат санын сақтай отырып, әрбір пән (модуль) бойынша 50 %-ға дейін және өндірістік оқыту үшін 60 %-ға дейін (дуальды оқыту кезінде 80 %-ға дейін) өзгертуі. Әрбір модульдің пәндері қажет болған жағдайда басқа модульдерге біріктіріледі.;

- жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес оқу бағдарламаларының мазмұнын әр пән, өндірістік оқыту және қасіптік практика, оның ішінде модульдерге біrіktіrlgen (енгіzіlgen) пәндер бойынша 50%-ға дейін (дуальды оқыту жағдайында 80 %-ға) және қасіби модуль бойынша 60%-ға дейін (дуальды оқыту жағдайында 80 %-ға дейін) өзгерту. Міndettі оқытуға арналған жалпы сағат санын сақтай отырып, жұмыс берушілердің талаптары бойынша косымша пәндер (қасіби модульдер) енгізу. Әрбір модульдің пәндері және жеке пәндер қажет болған жағдайда басқа модульдерге біrіktіrlgen.;

- өздік пәндер және/немесе косымша тақырыптар мен бөлімдерді міndettі пәндер бойынша жұмыстық оқу бағдарламасына енгізу және/немесе практикалық дайындық көлемін көбейту жолдармен мамандық бойынша теориялық және/немесе практикалық дайындықты терендетеу және/немесе арттыруға болады.

- үлгілік оқу жоспары мен бағдарламага сәйкес Кәсіпорын өзінің жұмыстық оқу жоспарын жасап, Кәсіпорын басшысының бекітуімен оқу жылына арналған оқу процесінің кестесін құрады.

- техникалық және қасіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын менгеру білім алушыларды міndettі қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

- сабак кестесі 6 күндік оқу аптасын құрайды. Басқа сабак кестесі Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес Кәсіпорын басшысы шешімімен анықталады.

30. Аудиториялық сабактардың барлық түрлері үшін 5 минуттық үзіліспен ұзақтығы 45 минут академиялық сағат белгіленеді, 2 академиялық сағаттан кейін 10 минуттық үзіліспен косарланған сабактар өткізуге болады.

31. Білім алушылардың тамактануы және белсенді демалуы үшін екі косарланған сабактан кейін ұзақтығы кемінде 15 минут үзіліс қарастырылады.

32. Колледждерде оқу сабактары сабактар, дәрістер, семинарлар, практикалық сабактар, зертханалық, бақылау және өзіндік жұмыстар, консультациялар, энгімелесулер, факультативтік сабактар, курстық және дипломдық жобалар, жұмыстар және оқу сабактарының басқа нысандары түрінде өткізіледі.

33. Кәсіпорында оқу топтары оқытудың күндізгі нысанында мамандықтар бойынша саны 25 адамнан артық емес, сыртқы, кешкі оқыту нысанында кемінде 15 адамнан жинақталады.

34. Тізбесі оқу жоспарына сәйкес анықталатын зертханалық жұмыстарды, практикалық сабактарды өткізуде, оның ішінде дене тәрбиесі мен жекелеген пәндер бойынша,

шеберханаларда (оку полигондарында және оку шаруашылықтарында) өндірістік оқыту кезінде оку топтарының саны 13 адамнан аспайтын кіші топтарға бөлінеді.

35. Алғашқы әскери дайындық Кәсіпорында жалпы негізгі білім беру негізінде жүргізіледі.

36. Кәсіпорындағы тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық мен имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

37. Кәсіптік практика Кәсіпорынның оку-өндірістік шеберханаларында, зертханаларында, полигондарында, оку шаруашылықтарында және шарттық негізде практика базалары ретінде белгіленген кәсіпорындарда, ұйымдарда өткізіледі және Кәсіпорында оку процесі барысынды алған білімді бекітүге, практикалық тәжірибе алуға және өтпелі тәжірибелі мәнгеруге бағытталған.

38. Кәсіптік практиканың тұрларі, мерзімі және мазмұны Кәсіпорында жүзеге асырылатын оку жоспары мен бағдарламасымен анықталады.

39. Кәсіптік практиканы өткізу үшін Кәсіпорын практика базасы ретінде анықталған ұйымдармен практика өту бағдарламалары мен күнтізбелік кестелерін келісу арқылы жүргізеді.

Практика базалары болып табылатын ұйымдармен шарттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 582 бұйрығымен бекітілген Еілім алушылардың кәсіптік практикасын өткізуге арналған шарттың үлгілік нысаны негізінде жасалады.

40. Кәсіптік практикаға кететін шығындар Кәсіпорын мен практика базасы болып табылатын ұйымдармен көзделеді және өзара жасалған шарттармен айқындалады.

41. Практиканың дұрыс дайындалып өткізуіне Кәсіпорын мен практика база үйімінің басшылары жауапты болып табылады.

42. Оку, әдістемелік, ғылыми және тәрбие жұмыстарындағы және Кәсіпорынның басқа да қызметтеріндегі жетістіктері үшін қызметкерлерге моральдық және материалдық көтермелеген нысандары белгіленеді.

3.3 Білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесін, оларды өткізуін нысандары және тәртібі

43. Кәсіпорында білім алушылардың оку жұмысын бақылаудың келесі негізгі тұрлары кабылданады: емтихандар, бақылау жұмыстары, ағымдық білім бақылау, емтиханга енбеген пәндер бойынша қорытынды аттестация, курстық және дипломдық жобаларды және жұмыстарды корғау.

44. Білім алушылардың оку жұмыстарына бақылауды жүргізуін тәртібі мен түрі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздагы № 125 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізуін үлгі ережесі бойынша анықталады.

45. Аралық аттестаттаудың нәтижелері бойынша 2-ден аспайтын "3" деген канагаттанарлық бағасы бар білім алушыларға емтиханды бағалаудың оданда жоғары деңгейіне қайта тапсыруға рұқсат беріледі.

3.4 Білім алушыларды оқудан шығару негіздері және тәртібі

46. Кәсіпорыннан білім алушыларды шығару келесі негіздер бойынша жүргізіледі:

- бір семестрде 36 сағаттан артық себепсіз оку сабактардан қалғаны үшін;
- академиялық үлгерімсіздігі үшін;
- окуын дер кезінде төлемегені үшін;
- Кәсіпорынның Ішкі тәртіп ережелерін бірнеше рет бұзғаны үшін;

- медициналық анықтама негізінде денсаулығының жағдайы бойынша;
- өз еркі бойынша;
- Кәсіпорын жатақханасында немесе оку корпусында білім алушылардың төбелестері, құқықбұзушылықтары және ақша талап ету фактілері бойынша.

47. Білім алушыларды окудан шығару Кәсіпорын басшысының бұйрығымен орындалады.

3.5 Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі

48. Кәсіпорын Жарғыга сәйкес білім берудің және өзге де ақылы қызмет көрсету негізінде табыс әкелетін қызметпен айналысады.

49. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес Кәсіпорын бюджеттік каражаттар есебінен көрсетілетін білім беру қызметтерінің көлемдерінен тыс ақылы негізде білім беру қызметтерін ұсынуға құқылы.

Кәсіпорын білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарынан тыс, ақылы қызмет көрсету туралы шартты жасай отырып, ақылы негізде мынадай:

- қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;
- оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабактар және сабактардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабактар үйымдастыру;
- пәндер (сабактар және сабактардың циклдері) бойынша білім алушылармен гылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді үйымдастыру;
- білім алушылар мен тәрбиленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кенестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар үйымдастыру және өткізу;
- музика аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;
- жазғы демалысты үйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиленушілердің, білім беру үйімінде өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысуышылардың тамактануын қамтамасыз ету;
- энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберу;
- мамандардың біліктілігін арттыру аясында қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- кәсіптік білім беруді үйымдастыру (техникалық және қызмет көрсетуші еңбек мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру);
- оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе участеклерінің, тігу цехінің, типография өнімдерін өндіру мен өткізуді үйымдастыру;
- балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын ресурс орталығын үйымдастыру;
- білім алушылар мен тәрбиленушілерді, тұрғындарды Кәсіпорын жатақханасына тұрғызу және олардың тіршілік ету жағдайларын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаган басқа ақылы қызметтерді жүзеге асыру.

50. Ақылы білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық, кәсіби, орта білімнен кейінгі білім стандарттарының негізінде Құрылтайшысымен келісілген жұмыс оқу жоспарлары (бағдарламалары) бойынша көрсетіледі.

51. Ақылы негізде қызметтер көрсететін Кәсіпорының және білім алушының, оның ата-анасының немесе өзге да заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.

52. Білім алушылардың ата-анасы мен басқа да заңды өкілдерінен білім беру қызметіне байланысты ақшаны алу білім беру қызметін көрсету келісім шарттында көрсетілген Кәсіпорының банк реквизиттеріне аудару негізінде жүзеге асырылады.

53. Білім алушы шарт жасасу кезінде бүкіл оқу кезеніне шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады. Оқуға төлемді кезең-кезеңмен төлеген ретте төлем сомасы жалақының ұлғаюы жағдайында және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен жи емес өзгертуі мүмкін.

54. Ақылы білім беру қызметтердің құны Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тараптар бұл санаттағы жұмыскерлердің енбек ақысының ставкасы мен үстемакыларын, косымша сабактардың мазмұны мен сапасын, сағаттар санын, педагогикалық жұмыскерлердің біліктілігін ескере отырып айқындайды.

55. Кәсіпорынға ақылы қызметтен түскең қаржы Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекіткен қаржы, материалдық және валюталық кірістерді жұмсау тәртібімен көзделген максаттарға жұмысалады.

56. Ақылы білім беру қызметтен түскең қаржыға салық төлеу тәртібі және салықтар мен төлемдерге женілдік беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

3.6 Кәсіпорынның білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және озге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі

57. Кәсіпорында білім алатын азаматтар белгілі ұлгедегі білім алушы билеті және үлгерім кітапшасы берілетін білім алушылар болып табылады.

58. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Кәсіпорын Жарғысымен, өзара жасалған келісім шарттармен анықталады.

59. Білім алушылардың:

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- білім беру ұйымы кенесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша окуға;
- оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды тандауга;
- өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай косымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;
- білім беру ұйымдарын басқаруға қатысуға;
- кайта кабылдануға және бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан басқасына, оқудын бір нысанынан басқасына ауысуға;
- білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;
- спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыйнаптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алуға;
- өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
- өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйакы алуға құқығы бар.

60. Күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылардың:

- жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық көлікте (таксиден баска) женілдікпен жол жүргуге;

- окудан бос уақытта оқуды жұмыспен ұштастыруға;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызметке шакырылу мерзімін кейінге калдыруға құқығы бар.

61. Медициналық айғақтар бойынша және өзге де ерекше жағдайларда окушыға академиялық демалыс берілуі мүмкін.

62. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жекелеген білім алушылардың санаттарына Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен мемлекеттік стипендия төленеді.

63. Окуға қабылданған білім алушыларды Кәсіпорын ақылы негізде, Кәсіпорын мен Тұрушының өзара жасалған келісім шарттары негізінде, сонымен катар Кәсіпорын ~~басшысымен~~ бекітілген Жатақхана туралы қағидаларға сәйкес жатақханадағы орындармен қамтамасыз етеді.

64. Кәсіпорын білім алушылары:

- техникалық және кәсіби мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті менгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Кәсіпорынның Жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;
- білім алушылар өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын ~~жадігінен~~ жетілдіруге ұмтылуға;
- оку бағдарламасында қарастырылған міндettі оку сабактарына қатысу және белгіленген мерзімде тапсырманың барлық түрлерін орындауға;
- Кәсіпорынның қоғамдық өміріне және қоғамдық-пайдалы еңбекке белсенді қатысуға;
- ұлттық және жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарды сыйлауға міндettі.

65. Білім алушылардың міндettterін бұзғаны үшін оларға Кәсіпорынның ішкі тәртібінің ережелерімен және Жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім шартта көзделген оларды оқудан шығаруды қоса, өзге де шаралар колданылуы мүмкін.

66. Ата-аналардың және өзге де занды өкілдердің құқықтары мен міндettterі.

67. Білім алушылардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдердің:

- ата-аналар комитеттері арқылы Кәсіпорын басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- Кәсіпорыннан өз балаларының ұлгеріміне, міnez-құлқына және оку жағдайларына ~~жұмысты~~ акпарат алуға;
- өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде консультациялық көмек алуға;
- балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар.

68. Ата-аналар мен өзге де занды өкілдер:

- балаларға өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ~~ой-~~өрісі мен дene қүшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- балаларды оқыту мен тәрбиелеуде Кәсіпорынға жәрдем көрсетуге;
- балалардың Кәсіпорындағы сабакқа баруын қамтамасыз етуге;
- егер балалары окуға ақылы негізде қабылданса, өзара жасалған білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім шарттарын орындауға міндettі.

4. Кәсіпорынды басқару

69. Қараганды облысының әкімдігі:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

70. «Қараганды облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

- 1) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 2) Коммуналдық мұлікті Кәсіпорынға бекітеді;
- 3) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;
- 4) Кәсіпорынның мұлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруга беру туралы шешімдер қабылдайды;

71. «Қараганды облысының білім беру басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

- 1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;
 - 2) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін шарайды, келіседі және бекітеді;
 - 3) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;
 - 4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сактауға бақылауды қамтамасыз етеді;
 - 5) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;
 - 6) мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының белгіленген бөлігінің бюджетке толык және уақытылы аударылуына бақылауды жүзеге асырады.
 - 7) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген езге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
72. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып табылады.
73. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырып тәртіппен жүзеге асырылады.
74. «Караганды облысының білім баскармасы» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.
- Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмаганы үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.
75. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметтіне және мүлкінің сакталуына дербес жауапты болады.
76. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.
77. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметтің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.
78. Басшы:
- 1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мұдделерін барлық органдарда білдіреді;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;
 - 3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;
 - 4) сенімхаттар береді;
 - 5) банктік шоттар ашады;
 - 6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бүйрекшілдер шығарады және нұсқаулар береді;
 - 7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмыска қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұздады, көтермелеген шараларын колданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;
- «Караганды облысының білім баскармасы» мемлекеттік мекемесі басшының ұсынымы бойынша қызметке тағайындастырып және қызметтөн босататын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатуrases оның Жарғысында белгіленеді.
- 8) белгіленген еңбекақы төлеу коры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйакы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтөн босату үшін «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің қызыретін белгілейді;

11) «Қарағанды облысы білім басқармасы» мемлекеттік мекеменің келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындауды және қызметтөн босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

79. Білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу сапасын, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру және әдістемелік жұмыстарды жетілдіру мақсатында Кәсіпорында алқалық басқару органдары күрүлады.

Кәсіпорынның алқалық басқару нысандары педагогикалық, оку-әдістемелік, қамкоршылық кеңестер болып табылады.

80. Қамкоршылық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Кәсіпорын Қамкоршылық кеңес қызметінің қағидаларын, сонымен қатар осы Кәсіпорын Жарғысын басшылыққа алады.

Қамкоршылық кеңес Кәсіпорын әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқару органдарымен, қызығушылығы бар мемлекеттік органдарымен және басқа да жеке ~~және~~ немесе заңды тұлғалармен өзара жұмыс жасайды.

Қамкоршылық кеңес мүшелерінің өз құзірін орындауы сенімгерлік негізде жүзеге асырылады.

5. Кәсіпорынның мүлкі

81. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның тенгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері ~~күрайды~~.

82. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық ~~салыталдагы~~ қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің ~~арасында~~ бөлуге болмайды.

83. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алғынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де каражат ~~кездерінің~~ есебінен калыптастырылады.

84. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін ~~жамтамасыз~~ ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы ~~шумкін~~.

85. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе ~~зат~~ заттық құқықтың табиғатына қайши келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

86. Жедел басқару құқығындағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, ~~сөндай-ак~~ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне туседі.

87. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны

Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз тенгеріміне бекіткен сәтінде туындарды.

88. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жок.

89. Кәсіпорынның мүлікіне жедел басқару құқығы. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 90-тармакта көзделген жағдайларда тоқтатылады.

90. Егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше белгіленбесе, «Қарағанды облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекеме «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекеменің келісімі бойынша Кәсіпорынан бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрган басқа занды тұлғалар арасында кайта бөлуге құқылы.

91. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде «Қарағанды облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекеме Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстаудың және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілеуге құқылы.

92. Осы Жарғының 88-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті «Қарағанды облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекеменің жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

93. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

94. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заннымасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет каражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындарды.

95. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін облыстық бюджетке аудару нормативі келесі үлгіде айқындалады:

1) Таза табыс 3 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару таза табыс сомасынан 5 пайызды құрайды;

2) Таза табыс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 150 000 теңге + 3 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 10 пайызды құрайды;

3) Таза табыс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 4 850 000 теңге + 50 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 15 пайызды құрайды;

4) Таза табыс 250 000 000 теңгеден 500 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 34 850 000 теңге + 250 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 25 пайызды құрайды;

5) Таза табыс 500 000 001 теңгеден 1 000 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 97 350 000 теңге + 500 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 30 пайызды құрайды;

6) Таза табыс 1 000 000 001 теңге және одан жоғары кезінде аудару 247 350 000 теңге + 1 000 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 50 пайызды құрайды;

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

96. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

97. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша белгіленеді.

98. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыым салынған, Кәсіпорынның **Жарғысында** көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

99. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

100. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекеменің келісімі бойынша қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттардына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

101. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік тендеріндегі, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірмे жазбаны қамтиды.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

102. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет даражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

10. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

103. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

104. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайши келмеуі тиіс.

11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы толеу

105. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу корының мөлшерін жыл сайын «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі белгілейді.

106. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу корының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

107. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (aga) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі белгілейді.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

108. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қарағанды облысының әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

109. Коммуналдық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды «Қарағанды облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

110. Кәсіпорын лицензиясынан айырылған немесе таратылған жағдайда оның құрылтайшысы (құрылтайшылары) білім алушыларды окуын жалғастыру үшін басқа білім беру ұйымдарына ауыстыруға шаралар қолданады.

111. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін «Қарағанды облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаржатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

112. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекеменің ұсынымы бойынша «Қарағанды облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі бұйрығымен енгізіледі.

Коммуналдық Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды жергілікті әткаруышы органдар енгізеді немесе оған жергілікті бюджеттен қаржыландыратын, облыстық коммуналдық мүлкіне билік етуге өкілетті атқарушы органға өкілеттік беріледі.

Қарағанды облысы білім басқармасының
•Әлихан Мусин атындағы
Балқаш гуманитарлы-техникалық
колледжі
КМКК басшысы



Е.М.Смагұлов

УТВЕРЖДЕНО
Приказом ГУ «Управление
экономики и бюджетного
планирования
Карагандинской области»



2018 г. № 97

У С Т А В
Коммунального государственного казенного предприятия
«Балхашский гуманитарно-технический колледж
имени Алихана Мусина»
управления образования Карагандинской области

город Балхаш

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное казенное предприятие «Балхашский гуманитарно-технический колледж имени Алихана Мусина» управления образования Карагандинской области (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением Акимата Карагандинской области от 28 декабря 2012 года №66/06 «О переименовании государственных организаций образования».

3. Учредителем Предприятия является Акимат Карагандинской области.

4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет государственное учреждение «Управление экономики и бюджетного планирования Карагандинской области».

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием является государственное учреждение «Управления образования Карагандинской области».

6. Полное наименование Предприятия: коммунальное государственное казенное предприятие «Балхашский гуманитарно-технический колледж имени Алихана Мусина» управления образования Карагандинской области.

7. Место нахождения Предприятия: Республика Казахстан, Карагандинская область, 100300, г.Балхаш, ул. Караменде би, 17.

2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

10. Коммунальное государственное предприятие может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица с согласия местного исполнительного органа.

Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

11. Гражданские-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

12. Предметом деятельности Предприятия является осуществление деятельности в области образования.

13. Целью деятельности Предприятия является оказания образовательных и иных платных услуг населению.

14. Для реализации поставленной цели Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:

1) Образовательная деятельность:

- предоставление образовательных услуг в различных формах, предусмотренных лицензией и нормативными правовыми актами в области образования: по программам технического и профессионального образования, послесреднего образования;

2) Материально-техническое обеспечение, оснащение и оборудование в соответствии с нормативными требованиями;

3) Создание необходимых условий для работы подразделений общественного питания и медицинского обслуживания, контроль их работы в целях охраны и укрепления здоровья обучающихся и работников;

4) Привлечение дополнительных источников финансовых и материальных средств для осуществления уставной деятельности в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

